



Өтеулі білім беру қызметтерін көрсету туралы

ШАРТЫ

(күндізгі оқу нысаны)



ШАРТ
Өтеулі білім беру қызметтерін көрсету туралы
(күндізгі оқу нысаны)

Осы Шартпен «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті» ММ берген 23/05/2018 жылғы № KZ64LAA00011853 лицензияның негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Университет» деп аталатын «M.S. Narikbaev atynda y KAZGUU Universiteti» АҚ (заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 04.05.2018 жылғы анықтама), осы Шарттың талаптарына қосылған Білім алушыларға Өтеулі білім беру қызметтерін алу шарттарын айқындайды.

Білім алушының, оның заңды Өкілінің осы Шартқа қосылуы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, нысанға сәйкес, қол қойылған «Қосылу туралы өтініш» негізінде жүзеге асырылады.

Осы Шартқа және Университетке қосылған Білім алушы, сондай-ақ оның заңды Өкілі осы Шартта белгіленген барлық шарттар мен міндеттемелерді Университеттің уәкілетті қызметкері өтінішті қабылдағаны туралы белгі жасағаннан кейін ғана қабылдайды.

Тараптар «Қосылу туралы өтінішке» қол қойылған күн Шарт жасасу күні болып табылатындығы туралы келісімге келді. Өтінішке Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден 2 (екі) бірдей данада қол қойылады.

Білім алушыларға «Қосылу туралы өтініш» беру Университетте оны (оның) Университет Білім алушыларының құрамына қабылдау міндетінің автоматты түрде туындауын білдірмейді. Қабылдау осы Шарттың талаптары негізінде жүзеге асырылады.

Осы Шарт бекітілген үлгілік нысан болып табылады және Білім алушы немесе оның заңды Өкілі тарапынан өзгертуге жатпайды.

Университет осы Шартта айқындалған тәртіппен осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Осы Шарттың біржақты өзгергені туралы Университет Білім алушыны, ал Білім алушы кәмелеттік жасқа толмаған жағдайда – Өкілді осындай өзгерістер күшіне енген күнге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей Университеттің ресми сайтында және Білім алушымен ақпараттық жүйелер мен коммуникация құралдарында ақпаратты орналастыру арқылы хабардар етеді.

Тараптар осы Шарттың нысаны мен оған қосылу тәртібі шарттар жасасудың жазбаша нысанына теңестірілетініне сөзсіз келіседі.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Университет:

а) Білім алушыға өтеулі негізде:

- Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген кредиттер санына уақтылы тіркелу және игеру шартымен күндізгі оқу нысанында Білім алушының «Қосылу туралы өтінішінде» көрсетілген білім беру бағдарламасының жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының жекелеген тобы бойынша оқуын ұйымдастыру бойынша. Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының жекелеген тобы бойынша оқытудың нормативтік, сондай-ақ ең жоғары мерзімі Қазақстан Республикасының нормативтік актілерімен және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады;

б) Білім алушыға қосымша өтеулі білім беру қызметтерін алу мүмкіндігін беру бойынша;

с) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқыту, игерілген білім беру бағдарламасына сәйкес «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін беру, қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тиісті білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған Білім алушыға қосымшасы бар диплом беру бойынша өзіне міндеттемелерді қабылдайды.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Университет өзіне келесі міндеттемелерді алады:

2.1.1. Білім алушыны Қазақстан Республикасының нормативтік актілері және Университеттің нормативтік құжаттары (немесе басқа білім беру ұйымынан ауысатындарды академиялық айырмашылықты өтеулі негізде жою шартымен) негізінде Университет білім алушыларының қатарына оның немесе оның Өкілі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № 1-қосымшаға сәйкес, тандалған академиялық кредиттер құнының толық сомасы мөлшерінде ақыны төлеген жағдайда қабылдауға;

*Ескертпе: біржолғы жарнаның мөлшері және 1-ші академиялық кредиттің құны Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларымен және Атқарушы орган – Басқарманың тиісті оқу жылына бекіткен Университет қызметтері құнының тізілімінде белгіленеді.

Білім алушы тіркеле алатын кредиттер саны Университеттің Академиялық саясатында бекітілген. Университетке құжаттардың толық пакетін ұсыну және оқуға түсудің тиісті жылына бекітілген Университеттің қызметтері құнының тізіліміне және Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларына сәйкес, белгіленген мерзімде оқуға түсудің біржолғы жарнасын және бастапқы соманы төлеу шартымен, ұсынылған Қосылу туралы өтініш пен осы Шарт негізінде оқуға қабылдауға;

2.1.2. Білім алушыны таныстыру үшін Университеттің ресми электрондық ақпараттық ресурстарына ішкі нормативтік құжаттарды орналастыруға;

Тараптар Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен танысу үшін Білім алушының жеке қолы талап етілмейтіні туралы келісімге келді.

2.1.3. Қазақстан Республикасының Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына, Университеттің Академиялық саясатына және білім беру процесін реттейтін өзге де ішкі құжаттарға сәйкес бакалавр немесе магистр даярлауды қамтамасыз етуге;

2.1.4. Білім алушының денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында міндетті медициналық қызмет көрсету жағдайында медициналық бөлімшенің жұмысын ұйымдастыруға;

2.1.5. Білім алушы жүргізген тіркеуге сәйкес Білім алушының оқу жүктемесінің көлемін айқындауға және салауатты, қауіпсіз оқу жағдайларын жасауға;

2.1.6. Университеттің ішкі нормативтік актілерінде көзделген тәртіппен кітапхананың және Университеттің оқу залдарының оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорын пайдалануға еркін қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

2.1.7. Білім алушыға Университеттің оқу бағдарламалары шеңберінде Университет басшылығы бекіткен жекелеген Ережелерде көзделген тәртіппен және шарттарда тапсырмаларды орындау үшін компьютерлік техниканы пайдалануға мүмкіндік беруге;

2.1.8. Жеке оқу жоспарына сәйкес Білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуін, ғылыми немесе кәсіптік тағылымдамаларды қоса алғанда, зерттеу жұмыстарының барлық түрлерін және практикалық даярлықтан өтуін ұйымдастыруға;

2.1.9. Білім алушыға Университеттің ғылыми, мәдени, спорттық және өзге де іс-шараларына ерікті негізде қатысуға мүмкіндік беру және ұйымдастыруға;

2.1.10. Қазақстан Республикасының Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік актілеріне, Университеттің Академиялық саясат қағидаларына сәйкес Білім алушының жеке өтініші негізінде басқа білім беру ұйымына оқытудың бір нысанынан екіншісіне, бір тілдік бөлімшеден екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан (мамандықтан) екіншісіне ауысуын қамтамасыз етуге;

2.1.11. Білім алушыға Университеттің Академиялық саясатында және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарында көзделген шарттарда және тәртіппен қосымша кредиттерді игеруге мүмкіндік беруге;

2.1.12. Білім алушы Университеттен өз қалауы бойынша оқудан шығарылған және/немесе Университеттің, Білім алушының және/немесе Өкілдің бастамасы бойынша осы Шартты бұзған кезде тиісті академиялық кезең (семестр) үшін жүргізілген төлем қайтарылмайды, ал қолда бар қаржылық берешек Білім алушының оқу сабақтарына қатысуына қарамастан Білім алушыларға толық өтелуге жатады. Білім алушының өз қалауы бойынша оқудан шығару қағидалары Университеттің Академиялық саясатымен және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

2.1.13. Осы Шартқа, тиісті жылға арналған Қызметтер құнының тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде ақпаратты Университеттің Интернет желісіндегі ресми сайтында, сондай-ақ Білім алушымен ақпараттық жүйелер мен коммуникация құралдарында осындай өзгерістер күшіне енген күнге дейін күнтізбелік 15 (Он бес) күннен кешіктірмей орналастыруға.

2.2. Университет құқылы:

2.2.1. Білім алушыдан осы Шартқа сәйкес міндеттерді адал және тиісінше орындауды, Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерін, оқу тәртібін сақтауды, Университет оқытушыларына, қызметкерлеріне, Білім алушыларына әдеппен және құрметпен қарауды, әлеуметтік желілерде және БАҚ-та қисынсыз «жалған» ақпаратты, сондай-ақ бейне/аудио және өзге де оқу контентін таратпауды талап етуге, Университеттің имиджі мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер мен мәлімдемелерге, осы Шарттың №2-қосымшасында көрсетілген талаптардың сақталуына жол бермеуге;

Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілері (құжаттары) оның ресми ақпараттық ресурсында (Университет сайты, оқытудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі, корпоративтік пошта және т.б.) орналастырылған. Тараптар Университеттің ресми ақпараттық ресурсында (Университет сайты, автоматтандырылған ақпараттық жүйе және т.б.) орналастырылған ішкі жергілікті нормативтік актілерге өзгерістер енгізу кезінде танысу туралы жазбаша акт жасауды талап етпейтіні туралы келісімге келді.

Университеттің ресми ақпараттық ресурсында (Университет сайты, корпоративтік пошта, автоматтандырылған ақпараттық жүйе және т.б.) орналастырылған ішкі жергілікті нормативтік актілері (құжаттары) Университеттің ресми сайтында жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн өткен соң заңды күшіне енеді.

2.2.2. Білім алушыға оқу тәртібін, осы Шарттың 2.2.1-тармағының талаптарын, Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерін бұзғаны үшін Университеттен шығаруға дейін тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға;

2.2.3. Білім алушыдан Университет мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа да техникамен жұмыс істеу ережелерін сақтауды талап етуге;

Білім алушының іс-әрекетімен материалдық залал келтірілген жағдайда, оны қалпына келтіруге жұмсалған шығындарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен өтеуді талап етуге;

2.2.4. Жазғы семестрдің нәтижелерін ескере отырып, Академиялық саясаттың талаптарын орындамаған, академиялық кредиттердің белгіленген санын немесе ең төменгі ауысу балын (GPA) жинамаған және/немесе осы Шарттың 2.4.8-тармағын есепке ала отырып, жылдық жеке оқу жоспарын орындамаған Білім алушыны оқытудың қайталап оқу кезеңіне қалдыруға;

Бұл ретте Білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспары бойынша білім ала алады немесе жаңа жеке оқу жоспарын құра алады.

Белгіленген мерзімде қайта оқу курсына тіркелмеген Білім алушыны оқудан шығаруға;

2.2.5. Білім алушыны оқу, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермелеуге және марапаттауға;

2.2.6. Университеттің ішкі жергілікті нормативтік құжаттарында көзделген мерзімдерде және шарттарда қосымша кредиттерді игеру мүмкіндігін ұйымдастыруға;

2.2.7. Тәртіптік теріс қылық жасағаны, ішкі жергілікті нормативтік актілердің (құжаттардың) ережелерін, оқу тәртібін жүйелі немесе өрескел бұзғаны (дәлелді себепсіз сабақты жіберу, Университеттің ақпараттық ресурстарына заңсыз қол жеткізу және/немесе әрекет ету, дәйексіз құжаттарды, оның ішінде медициналық анықтамаларды ұсыну), академиялық үлгерімеушілігі үшін, осы Шарттың талаптарын, оның ішінде 2.2.1-тармақтың талаптарын, Университет Жарғысын, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерінің нормаларын бұзғаны үшін, пайда болу негіздемелеріне қарамастан Университет алдындағы қаржылық берешегі үшін Білім алушыны оқудан шығаруға және біржақты соттан тыс тәртіппен осы Шартты бұзуға;

2.2.8. Университеттің Академиялық саясатында айқындалған академиялық сабақтардың рұқсат етілуінің ең жоғары санынан асқан кезде Білім алушының пәнді және/немесе бақылаудың барлық түрлерін одан әрі оқуларына жол бермеуге;

2.2.9. Білім беру бағдарламасы бойынша Білім алушылар саны жеткіліксіз болған жағдайда (30 адамнан кем) Білім алушыны (оның келісімімен) басқа мамандыққа ауыстыруға, ал Білім алушының ауысуға келісімі болмаған жағдайда осы Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға және Білім алушыға қандай да бір ұстап қалусыз оқуы үшін артық төленген соманы қайтаруға;

2.2.10. Білім алушыны немесе оның Өкілін қаржылық академиялық берешегінің бар екендігі туралы, сондай-ақ келесі академиялық кезеңге тіркелу үшін келу қажеттілігі туралы (академиялық үлгерімі, қаржылық берешегі туралы ақпарат Университеттің электрондық ақпараттық ресурстарында орналастырылады) жеке хабардар етпеуге; Кәмелетке толмаған Білім алушының Өкілін академиялық үлгерімі немесе қаржылық берешегі туралы Өкілдің жазбаша сұрауы бойынша ғана хабардар етуге міндетті.

2.2.11. Академиялық лектерді қайта құруды жүзеге асыруға.

2.2.12. Білім алушы зерттеу нәтижелерін қолдан жасау, бұрмалау, үшінші тұлғалардың зерттеулерін ұрлау және/немесе бүлдіру, жақсы нәтиже алу мақсатында сөз байласу немесе алдау, плагиат жасау, оның ішінде басқа адамның жазған жұмыстарын ұсыну, пара беру болып табылатын Академиялық адалдық Кодексінің өрескел бұзғаны үшін оқудан шығарылғанда Университет осындай Білім алушының деректерін Университеттің ресми сайтында негіздемесін көрсете отырып орналастырады.

Қосылу туралы өтінішке қол қою кезінде Білім алушы осы тармақта көрсетілген негіздер басталған кезде осындай деректерді орналастыруға өзінің қайтарып алынбайтын келісімін береді.

2.2.13. ҚР дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес Тараптар Университет биометриялық деректерді, сондай-ақ кез келген ақпаратты, оның ішінде, осы Шарт шеңберінде және/немесе Университет білім беру және өзге де қызметтерді көрсеткен кезде қолжетімді болатын Білім алушыға, оның заңды Өкіліне тікелей немесе жанама қатысты аты, тегі, әкесінің аты, туған күні мен орны, мекенжайы, отбасылық жағдайы, білімі, ұлты және кез келген басқа ақпаратты («Дербес деректер») жинауды, өңдеуді, сақтауды, пайдалануды, беруді (таратуды, беруді, қол жеткізуді) және жоюды («өңдеуді») жүзеге асыруға құқылы екендігі туралы келісімге келді.

Университет биометриялық және дербес деректерді қорғау саласындағы ҚР заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге міндеттенеді. Білім алушының және оның заңды Өкілінің осы Шарттан туындайтын мақсаттар үшін мемлекеттік уәкілетті органдар мен ҚР Білім және ғылым министрлігіне дербес деректерді жинауға, сақтауға, өңдеуге және беруге, сондай-ақ Университеттің білім беру және өзге де қызметтер көрсетуге жазбаша келісімі Білім алушы мен оның заңды Өкілі осы Қосылу туралы өтініш пен №3-қосымшаға сәтте алған болып есептеледі.

2.3. Өкілдің міндеттері мен құқықтары:

2.3.1. Өкіл осы Шарттың 2.1.1-тармақшасына және 3.2-тармағына және оған Қосымшаларға (оқу ақысын төлеу кестесі) сәйкес төлем Университетінің есеп шотына уақтылы түсуді қамтамасыз етуге міндетті. Білім алушы кәмелетке толған кезде білім беру қызметтеріне уақтылы ақы төлеу жөніндегі міндеттемелер Білім алушыға ауысады.

2.3.2. Өкіл Білім алушының дебиторлық берешегінің бар-жоғын анықтау үшін Университеттің есеп шотына өзі енгізген сомалардың түсуін салыстырып тексеруге, сондай-ақ жазбаша сұрау салу жолымен Білім алушының үлгерімі мен сабаққа қатысуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

2.3.3. Өкіл Білім алушының өз міндеттерін орындауын және белгіленген ережелерді сақтауын қамтамасыз етуде Университетке жәрдем көрсетеді, Білім алушының кәмелетке толғанға дейін олардың оқу сабақтарына қатысуын және Университетпен байланыста болу жолымен үлгерімін бақылауды жүзеге асырады және тәрбиелік сипаттағы шараларды қабылдайды. Білім алушы академиялық, қаржылық берешегінің бар екендігі туралы Өкілді дербес және уақтылы хабардар етуге міндеттенеді.

Өкіл өз кезегінде Білім алушының үлгеріміне, сабаққа баруына және қаржылық берешегіне үнемі бақылауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

2.3.4. Тараптар Білім алушы кәмелетке толған кезде Өкілдің құқықтары мен міндеттері Білім алушыға ауысады деген келісімге келді. Бұл ретте қосымша келісім жасасу (осы Шарттың тараптары ретінде Өкілдің шығуы туралы) талап етілмейді.

2.3.5. 2.3.4-тармақта көзделген шарт туындаған кезде 2.3.1-тармақта көзделген Білім алушы үшін Кепілгердің берешекті өтеу жөніндегі шарт Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді тоқтатқанға дейін сақталады.

2.3.6. Жеке өзі немесе Білім алушы арқылы Университеттің интернет желісіндегі ресми сайтында, сондай-ақ Білім алушымен ақпараттық жүйелер мен коммуникация құралдарында орналастырылған осы Шартқа немесе қызметтер құнының тізіліміне өзгерістер мен толықтыруларды бақылауды жүзеге асыруға. Бұл ретте Өкіл Шарттың және/немесе Құн тізілімінің өзгерістерінен хабарсыз екендігі туралы айтуға құқылы емес.

2.4. Білім алушы өзіне келесі міндеттемелерді алады:

2.4.1. Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерімен, Университет басшылығының бұйрықтары және өкімдерімен, Университет Жарғысымен, осы Шарттың талаптарымен, Академиялық саясатпен, Академиялық адалдық жөніндегі нұсқаулықпен және ресми ақпараттық ресурста орналастырылған өзге де құжаттармен танысуға, сақтауға және орындауға;

2.4.2. Университеттің мүлкіне ұқыпты қарау және оны ұтымды пайдалануға, оқу орнында, жатақханада, асханада және кітапханада тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге, оқу мен тұру үшін қалыпты жағдай жасауға қатысуға;

2.4.3. Құжаттарды тапсыру кезінде Университет қызметтері құнының тізіліміне сәйкес оқуға түсудің тиісті жылына кіру жарнасын төлеуді жүзеге асыруға;

Бұйрықпен Білім алушылардың құрамына қабылданған Білім алушыны оқудан шығару кезінде, оқудан шығару негізіне қарамастан, түсу жарнасы қайтарылуға жатпайды.

2.4.4. Осы Шартқа № 1-қосымшаның негізінде жеке өзі немесе өз Өкілі арқылы білім беру қызметтеріне ақы төлеуді уақтылы жүргізуге;

2.4.5. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына негізделген жеке оқу жоспарының толық көлемінде білімді, практикалық дағдыларды меңгеруге, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысуға, бақылаудың барлық түрлерін белгіленген мерзімде тапсыруға;

2.4.6. Жеке оқу жоспарын жасау кезінде білім беру саласындағы нормативтік актілерді, Университеттің академиялық саясат ережелерін қатаң сақтауға және оқу пәндеріне тіркелудің белгіленген тәртібі мен мерзімдерін сақтауға;

2.4.7. Дәлелді себептермен, оның ішінде Білім алушы амбулаториялық немесе стационарлық емделуде болған кезде сабақтарды өткізіп алған жағдайда, өзі немесе туыстары не Өкілі арқылы 2 жұмыс күні ішінде Жоғары мектептің тиісті директорын (факультетін) болған жағдай туралы жазбаша хабардар етуге, кейіннен уақытша еңбекке жарамсыз парағы/анықтамасы жабылған (олардың дұрыстығын тексеру үшін) немесе төтенше сипаттағы оқиғалар аяқталған сәттен бастап осы жағдайды растайтын құжаттарды 5 жұмыс күні ішінде ұсынуға;

Жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде осы тармақта көрсетілген оқиғаларды растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда, Университет бұдан әрі Білім алушыларға ұсынылған құжаттарды қабылдамауға және қарамауға құқылы.

2.4.8. Жеке оқу жоспарында көзделген жұмыстардың барлық түрлерін орындауға және пән бойынша кредиттер алу үшін оң қорытынды баға алуға. Білім алушыларға пән бойынша қанағаттанарлықсыз қорытынды баға алған кезде осы пән бойынша кредиттер берілмейді.

Үлгерімге ағымдағы бақылауды, аралық қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерінде айқындалады.

2.4.9. Пән бойынша «қанағаттанарлықсыз» қорытынды баға алған және/немесе осы Шарттың 2.2.8-тармағына сәйкес сабақтарды өткізіп алғаны үшін пәнді оқуға жіберілмеген Білім алушы келесі академиялық кезеңде немесе қосымша семестрде жеке оқу жоспарында көзделген оқу сабақтарының барлық түрлеріне қайтадан Өтеулі негізде қатысады, рұқсат алады және қорытынды бақылауды тапсырады. Ол үшін Білім алушы қайтадан пәнге тіркелу рәсімінен өтеді. Белгіленген кредиттер санын және/немесе ең төменгі ауысу балын жинамаған, өзінің жылдық жеке оқу жоспарын орындамаған Білім алушы бұйрыққа сәйкес қайта оқу курсына қалады.

2.4.10. Әскери есепке алу ережелерін сақтауға;

2.4.11. Қазақстан Республикасының аумағында шетел азаматтарын уақытша тіркеу қағидаларын сақтауға.

Бұл ретте Білім алушы Университетті жазбаша хабардар етуге міндеттенеді:

- қаладан немесе елден тыс жерлерге шығудың болжамды күніне дейін 3 (Үш) жұмыс күні бұрын;

- Қазақстан Республикасының аумағына келген күні төлқұжаты мен келгенін растайтын құжаттарды ұсына отырып;

- уақытша тұру туралы құжатта (УТР) көрсетілген Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болу мерзімі өткенге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының аумағында үздіксіз болу кезінде, уақытша болу мерзімдерін ұзарту қажеттілігі туралы;

Университетті ақпараттандырмаған және/немесе ақпараттандырудың мерзімдері мен тәртібін бұзған жағдайда Білім алушы Университетке барлық айыппұл санкцияларын, сондай-ақ Университеттің ықтимал шығындарын өтейді.

2.4.12. Әкімшіліктің талабы бойынша Шарт талаптарын, ішкі тәртіп ережелерін, Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерін сақтау мәселелері бойынша жазбаша түсініктемелер беруге;

2.4.13. Жыл сайын Университеттің медицина қызметкерлеріне медициналық тексеруден және флюорографиядан өткенін растайтын тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынуға. Медициналық қарап-тексеруді немесе флюорографияны олардың мерзімі өткеннен кейін не Университет әкімшілігі белгілеген мерзімде ұсынбау Білім алушыны оқу сабақтарына және/немесе ағымдағы, қорытынды бақылауға жібермеуге әкеп соғады.

Ауырған жағдайда осы Шарттың 2.4.7-тармағына сәйкес денсаулық жағдайы туралы медициналық құжаттарды ұсынуға;

2.4.14. Тегі, аты, әкесінің аты, отбасылық жағдайы, тұрғылықты жері, телефоны, электрондық пошта мекенжайы өзгерген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті құжаттарды ұсына отырып, бұл туралы Университетті жазбаша хабардар етуіне. Хабарламаған жағдайда Университет құжаттарды уақтылы бергені, хат-хабарларды жібергені немесе Білім алушының тиісті деректеріне байланысты өзге де әрекеттер үшін жауапты болмайды.

2.4.15. Университеттің автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінің пайдаланушысы болып табылатын Білім алушы құпиялылықты сақтауға міндетті және оның жүйеге кіруін қамтамасыз ететін өзінің логині мен құпия сөзін біреуге беруге құқығы жоқ. Білім алушы Университеттің электрондық ақпараттық жүйелерінде өз бетінше тіркеледі, жазады және өтініш береді.

Университеттің электрондық ақпараттық жүйелерінде өтініштердің барлық нысандары мен түрлерін тіркеу және беру рәсімдері өтініш берудің жазбаша нысанына теңестіріледі.

2.4.16. Университетке материалдық залал, ар-намысы мен іскерлік беделіне нұқсан келтірілген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен толық материалдық жауаптылықта болуға тиіс.

2.4.17. Практиканың барлық түрлерінен уақтылы өтуге, олар бойынша есептерді қорғауға, зерттеу жұмыстарының барлық түрлерін жүзеге асыруға, жеке оқу жоспарына сәйкес практикалық дайындықтан, ғылыми және кәсіби тағылымдамадан өтуге;

2.4.18. Кітапхана қорына зиян келтіргені үшін (әдебиеттерді кітапхананың оқу залынан өз бетінше шығару, кітаптарды бүлдіру/ беттерін жырту/кітапты кітапханаға уақтылы қайтармау, кітапты жоғалту және т.б.) тиісті жылға арналған «M.S. Narikbaev atyndagy KAZGUU Universiteti» АҚ Қызметтер құнының тізіліміне сәйкес жауапты болуға;

2.4.19. Білім беру ұйымының оқытушыларына, қызметкерлеріне және білім алушыларына құрметпен қарауға және әдептілік танытуға, әлеуметтік желілерде және БАҚ-та қисынсыз «жалған» ақпарат таратпауға, Университеттің имиджі мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер мен сөздерге жол бермеуге, сондай-ақ бейне/аудио немесе өзге де оқу контентін таратпауға;

2.4.20. Өкілдің назарына академиялық үлгерімге, сабаққа қатысуға, Білім алушыға тәртіптік жазалардың берілуіне және оның материалдық жауапкершілікке тартылуына қатысты ақпаратты уақтылы және толық көлемде жеткізуге;

2.4.21. Өз денсаулығы мен өміріне, айналасындағылардың денсаулығы мен өміріне ұқыпты қарауға. Білім алушы жеке өзі де, оның қатысуымен де адам өмірі мен денсаулығына қарсы бағытталған құқыққа қайшы әрекеттер үшін ҚР заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

2.4.22. «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушы» мәртебесі, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайдағы адам (жетімдер, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және т.б.) мәртебесі болған кезде Білім алушы Университетке тиісті мәртебені растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады.

Растайтын құжаттар ұсынылмаған және/немесе дұрыс емес құжаттар ұсынылған жағдайда, Университет Білім алушылардың жеңілдіктер мен өзге де төлемдерді алмағаны немесе уақтылы алмағаны үшін жауап бермейді.

2.4.23. Университеттің Интернет желісіндегі ресми сайтында, сондай-ақ Университетпен ақпараттық жүйелер мен коммуникация құралдарында орналастырылған осы Шартқа немесе Қызметтер құнының тізіліміне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды өз бетінше бақылауды жүзеге асыруға. Бұл ретте Білім алушы Шарттың және/немесе Құн тізілімінің, сондай-ақ бар дебиторлық берешектің өзгеруіне қатысты хабардарлыққа сілтеме жасауға құқылы емес.

2.4.24. Бір кредиттің жеке құны түрінде қаржылық қолдау алған Білім алушы өз қалауы бойынша/Өкілдің бастамасы бойынша, сондай-ақ осы Шартта және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарында көзделген шарттар бойынша оқудан шығарылған жағдайда, Білім алушы және/немесе оның Өкілі ағымдағы академиялық жылға Білім алушы тіркелген кредиттер санын ескере отырып, қызмет құны тізілімінде бекітілген бір кредит құны мен бір кредит үшін алынған қаржылық қолдау арасындағы айырманы Университетке өтеуге.

2.5. Білім алушы құқылы:

2.5.1. Университеттің академиялық саясат қағидаларына сәйкес, басқа білім беру ұйымына, оқytудың бір нысанынан екіншісіне, бір тілдік бөлімшеден екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан (мамандықтан) екіншісіне жеке өтініш негізінде ауысуға;

2.5.2. Қосымша ақыға қосымша білім беру қызметтерін алуға;

2.5.3. Университеттің білім беру қызметтері құнының тізілімінде белгіленген мөлшерде қайтарымды кепілдендірілген депозит енгізу шартымен Университеттің кітапханасы мен оқу залдары базасында оқуға, оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына еркін қол жеткізуге және пайдалануға;

2.5.4. ҚР БҒМ және Университет белгілеген ережелерге сәйкес басқа білім беру ұйымдарында, оның ішінде академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша кредиттерді игеруге;

2.5.5. Университеттің өзін-өзі басқару органдарына қатысуға;

2.5.6. Өзін-өзі басқару органдарының шеңберінде өзін-өзі басқару органдарының қалауы бойынша жекелеген жобаларды қаржыландыру мақсатында, оның ішінде спорттық және өзге де қоғамдық іс-шараларға қатысу үшін ақша қаражатын жинау үшін қор құруға;

2.5.7. Өзін-өзі басқару органдары құратын қорға ерікті негізде ақшалай қаражат салуға;

2.5.8. Жазбаша өтініш бойынша академиялық мәселелер бойынша консультациялар алу және/немесе Университеттің есеп шотына енгізген сомалардың түсуін салыстырып тексеру жүргізуге;

2.5.9. Академиялық кезең басталғанға дейін 5 (Бес) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті Жоғары мектептің Академиялық сапа комитетіне дәлелді себебін көрсете отырып, кезекті академиялық кезеңге тіркелу мүмкін еместігі туралы өтініш беруге;

2.5.10. Егер Білім алушы білім беру қызметтеріне ақы төлеген жағдайда, оның жеке өтініші бойынша және тиісті Жоғары мектептің Академиялық сапа комитетінің келісімімен тіркеу болмайтын академиялық кезең үшін төлем қайтарылмайды және келесі академиялық кезеңде оқу есебіне қабылданады.

3. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

3.1. Оқу ақысының мөлшері, тәртібі, сондай-ақ біржолғы жарнаны енгізу университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларында, сондай-ақ тиісті жылға бекітілген Білім беру қызметтері құнының тізілімінде белгіленеді.

3.2. Ерекше жағдайларда Университет оқу ақысын төлеу тәртібі мен мерзімдеріне байланысты жеке жеңілдіктер көздеуі мүмкін. Оқу ақысының жеке кестесі Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу ережелерінде бекітілген.

Кесте бойынша оқуды төлейтін Білім алушыны оқудан шығарған кезде оның оқу сабақтарына нақты қатысуына қарамастан, кестеде көзделген төлемдерді төлеу бойынша міндет жүктеледі.

Талапкерге ақша қайтарылған жағдайда (ол Университетке қабылданғанға дейін оқудан бас тартқан кезде) Университет банктік, пошталық және басқа да шығыстар үшін білім беру қызметтері құнының тізілімімен және Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларымен бекітілген соманы ұстап қалады.

Басқа білім беру ұйымдарынан ауысатын білім алушылар осы Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қойылғаннан кейін, білім беру қызметтері құнының тізіліміне және ауысу сәтіндегі Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларына сәйкес оқу ақысын және түсу жарнасын енгізгеннен кейін тиісті бұйрықпен сабаққа жіберіледі.

3.3. Төлем Университеттің есеп шотына төлемдерді аудару арқылы жүзеге асырылады.

3.4. Білім алушы Университеттен шығарылған және онымен Шарт бұзылған жағдайда, кейіннен Білім алушылар қатарына қайта қабылданған кезде оқу ақысы Білім алушыны қайта қабылдау сәтінде Университеттің нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен, мөлшерде және шарттарда жүргізіледі.

3.5. Білім алушыға академиялық демалыс берілген жағдайда оқу ақысының мөлшері мен жүйесі сақталады.

3.6. Медициналық сараптама комиссиясының (оның ішінде мүгедектігі бойынша) қорытындысымен расталған оқуды жалғастыруға мүмкіндік бермейтін ауруы бойынша Білім алушыны Университеттен шығарған кезде ақшалай қаражатты қайтару туралы мәселені атқарушы орган – Басқарма қарайды. Бұл ретте ағымдағы академиялық кезең үшін ауруына байланысты оқытудың мүмкін еместігі туралы өтініш берілген күнге дейінгі ақшалай қаражат қайтарылмайды.

3.7. Білім алушының заңдарда белгіленген тәртіппен, Университет алдында және білім беру қызметтері үшін ақы төлеуде қаржылық берешегі болмаған, білім беру қызметтерін Өтеулі көрсету шартында және Университеттің қалпына келтіру сәтінде қолданылып жүрген ішкі жергілікті нормативтік актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде түсу жарнасын төлеген жағдайда қайта қабылдануына құқығы бар.

3.8. Оқудан шығару және/немесе Осы Шартты бұзу туралы өтініш берілген күнге және осы Шарттың 2.1.12-тармағын есепке ала отырып, Білім алушының оқу сабақтарына қатысуына қарамастан, тиісті академиялық кезеңнің білім беру процесін ұйымдастыру бойынша Университеттің өтелмеген шығыстары Білім алушының берешегі болып танылады.

Берешекті ерікті түрде өтеуден бас тартқан кезде берешек сомасын Университет сот тәртібімен өндіріп алады. Университеттің Білім алушының немесе оның Өкілінің кінәсінен шеккен барлық шығындары мен сот шығындары, оның ішінде Университетке негізсіз талаптар қойылған кезде Білім алушыға немесе оның заңды өкіліне жатқызылады.

3.9. Оқуды өз бетінше тоқтатқан және бұл туралы Университетке хабарламаған жағдайда, Білім алушы тиісті академиялық кезеңде оқу пәндеріне тіркелу шеңберінде, Білім алушының сабаққа қатысуына қарамастан, Университеттің білім беру және өзге де қызметтері үшін ақы төлеуден босатылмайды.

Білім алушының немесе Өкілдің (оқыту нысанына қарамастан) Университетті оқуды тоқтатқаны және/немесе осы Шартты біржақты тоқтатқаны туралы уақтылы хабарламағаны үшін Университет жауап бермейді.

3.10. Демалыс кезеңінде Білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру кезінде пәнді оқу үшін төлем Білім алушы ауыстырылатын білім беру бағдарламасы кредиттерінің құны бойынша жүргізіледі.

3.11. Білім алушы экстернат нысанында білім алған кезде оқу құны Университеттің нормативтік құжаттарына сәйкес белгіленеді, осыған байланысты тиісті қосымша келісім жасалады.

3.12. Тараптар келісімге келіп, Университет инфляцияны ескере отырып, жылына бір реттен артық емес академиялық кредиттің 1 (Бір) құнын өзгертуге құқылы екендігіне өзінің сөзсіз, қайтарылмайтын келісімін береді. Бұл ретте қосымша келісімге қол қою және/немесе Қосылу туралы өтінішке қайта қол қою талап етілмейді.

Университет қызметтері құнының тізіліміне өзгерту немесе толықтыру туралы ақпарат Университеттің Интернет желісіндегі ресми сайтында, сондай-ақ Білім алушымен ақпараттық жүйелер мен коммуникация құралдарында орналастырылады.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Білім беру қызметтері үшін қаржылық берешек туындаған жағдайда, Университет автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді бұғаттайды және Білім алушыға бақылаудың барлық түрлерін (ағымдағы және қорытынды) тапсыруға жол берілмейді және Университеттен шығарылуға жатады. Қалыптасқан оқу берешегі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өндіріліп алынады.

Ішкі нормативтік құжаттарда көзделген білім беру қызметтері үшін де, Университеттің өзге де қызметтері үшін де қаржылық берешек болған кезде Университет Білім алушыны тиісті академиялық кезеңге тіркелуге жібермейді. Білім алушының немесе оның Өкілінің қаржылық берешегін өтеу үшін ақшалай қаражат енгізуі оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Университет Білім алушысының құрамына қайта қабылдау құқығын береді.

4.2. Білім алушының жеке ісінен алынған транскрипт және өзге де құжаттар Білім алушының «Кету парағын» өткеннен және қаржылық берешегі өтелгеннен кейін (оқу ақысы бойынша да, Университеттің басқа да қызметтері бойынша) беріледі.

4.3. Университетті бітірген кезде қаржылық берешек (оқу ақысы бойынша да, Университеттің басқа да қызметтері бойынша) пайда болған кезде Университетті бітіргені туралы диплом қаржылық және өзге де берешек өтелгенге дейін берілмейді.

4.4. Осы Шартта және оған Қосымшаларда көзделген білім беру қызметтеріне ақы төлеу шарттары бұзылған жағдайда Білім алушы (Өкіл) Университетке әрбір кешіктіру фактісі үшін 5 АЕК мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

4.5. Осы Шартта көзделмеген жағдайларда Тараптар өз міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

4.6. Университет Білім алушыларға тұрғылықты жері, телефоны, отбасылық жағдайы және басқа да мәліметтер туралы дұрыс емес және шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді ұсынудың салдары үшін жауап бермейді.

4.7. Білім алушы өзінің тұрғылықты жері, телефоны, отбасылық жағдайы және т.б. туралы дұрыс емес және шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді ұсынудың салдары үшін толық жауап береді.

4.8. Білім алушы Осы Шарттың 2.2.1, 2.2.7, 2.4.11, 2.4.15, 2.4.16 және 2.2.19-тармақтарында көрсетілген шарттарды бұзған/іс-әрекеттер жасаған кезде келтірілген залалды толық көлемде өтейді және Университеттің Білім алушы құрамынан шығарылуға жатады. Бұл ретте Университет келтірілген залалды, оның ішінде имиджі мен іскерлік беделін сот тәртібімен өндіріп алуға құқылы.

5. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

5.1. Осы Шартты орындау процесінде туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды тараптар өзара қолайлы шешімдерді әзірлеу мақсатында алдын ала тәртіппен тікелей қарайды.

5.2. Тараптар келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер әзірлеу жолымен шешпеген мәселелер Шартты орындау орны бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

6. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР

6.1. Лицензияны қайтарып алуға байланысты білім беру қызметін жою немесе тоқтату процесінің негізінде Университет қызметі тоқтатылған жағдайда, Университет Білім алушылардың басқа білім беру ұйымдарында оқу жылын аяқтауы жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

6.2. Университет Білім алушыларға оқу үшін жеке құнды төмендету түрінде қаржылық қолдау көрсеткенде:
- Білім алушыға қаржылық қолдау ретінде оқуға берілген құнның төмендеуі Университеттің меншігі болып табылады және Білім алушыға материалдық көтермелеу түрінде төленбейді;

- Білім алушы Университеттен шығарылған кезде Білім алушыға берілген оқу құнының айырмасы осы Шарттың 2.4.24-тармағында көзделген тәртіппен жойылады және өтеледі.

6.3. Осы Шартқа қосыла отырып, Білім алушы және оның заңды Өкілі қызмет көрсету сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Білім алушымен немесе оның Өкілімен және Университет қызметкерлерімен сұхбаттасу басталғанда жазба жүргізілетіндігі туралы хабарлағаннан кейін Университет ғимаратында бейне/аудиожазбаны жүзеге асыру, қосымша хабарламаларсыз электрондық хабарламалардың жазбасын сақтау, сондай-ақ телефон арқылы сөйлесулерді жазып алу құқығын береді. Білім алушы және/немесе оның Өкілі мұндай бейне/аудиожазбалар және/немесе телефон сөйлесулері/электрондық келіссөздер жазбалары (оның ішінде мессенджерлер арқылы) Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді сот талқылауы барысында дәлел ретінде пайдаланылуы мүмкін екендігіне өз келісімін білдіреді.

7. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ

7.1. Осы Шарт Білім алушының және/немесе оның заңды Өкілінің «Қосылу туралы өтінішке» қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және Университеттің оқу жоспарына сәйкес барлық оқу мерзіміне, ал өзара есеп айырысу бөлігінде – Тараптар қабылдаған міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

7.2. Білім алушы Университеттің Білім алушыларының құрамына кейіннен қайта қабылдануымен оқудан шығарылған жағдайда, жаңа Шарт жасалады, бұл ретте жаңа Шарт жасасу сәтінде белгіленген талаптар күшіне енеді.

7.3. Осы Шарттың талаптары Университеттің интернет желісіндегі ресми сайтында, сондай-ақ Білім алушымен ақпараттық жүйелер мен коммуникация құралдарында өзгеріс немесе толықтыру туралы ақпаратты орналастыру арқылы Университетпен өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

Осы Шарттың жекелеген талаптарын өзгерту оның бір немесе бірнеше тармақтарының қолданылуын тоқтату ретінде осы Шарттың қолданылуын тұтастай тоқтатпайды.

7.4. Білім алушы (Өкіл) осы Шарттың 2.1.12-тармағын ескере отырып, Университетке нақты жұмсалған шығыстарды толық төлеген жағдайда, Университетке тиісті өтініш жолдай отырып, Шартты орындаудан бас тарта алады.

7.5. Тараптар арасындағы шарттық қатынастарды тоқтату сәті Тараптардың өзіне алған міндеттемелерді толық орындауы болып табылады.

7.6. Осы Шартты тоқтатуға Университеттің Білім алушыны оқудан шығару туралы тиісті бұйрығын шығару және бұзу туралы келісім жасасу талап етілмейді.

7.7. Осы Шарт Университеттің интернет желісіндегі ресми сайтында орналастырылған.

**Өтеулі білім беру қызметтерін
көрсету шартына №1-қосымша
(күндізгі оқу нысаны)**

ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ КЕСТЕСІ

1. Әрбір академиялық кезең (семестр) үшін оқу ақысын төлеуді Білім алушы немесе оның Өкілі академиялық кезең (семестр) басталғанға дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей 1 (бір) кредиттің құнын және Білім алушылардың тиісті академиялық кезең үшін алған кредиттерінің санын негізге ала отырып жүзеге асырады.
 2. Тиісті академиялық жыл үшін білім беру бағдарламасы бойынша 1 кредиттің құны Университет қызметтері құнының тізілімінде айқындалады және «Қосылу туралы өтініште» көрсетіледі.
 3. Білім алушы бакалавриаттың немесе магистратураның білім беру бағдарламалары үшін белгіленген нормативтік және/немесе ұсынылатын оқу мерзімінен асып кеткен жағдайда, «M.S. Narikbaev atynda y KAZGUU Universiteti» АҚ-ның тиісті оқуға түсу жылына көрсетілетін Қызметтер құнының тізілімі өзінің заңды күшін жоғалтады.
- Білім алушы оқу жүзеге асырылатын тиісті жылға бекітілген Университет қызметтері құнының тізіліміне сәйкес бір кредиттің құнын төлейді (яғни, Білім алушы оқуын аяқтауы тиіс әрбір келесі жылдан кейін).
4. Оқу, курста қайта оқу, пәнді қайта оқу, академиялық айырмашылықты тапсыру кезінде, бұрын оқыған пәндерді есепке алу кезінде алдын ала төлем қарастырылған.
 5. Білім алушы Университеттің Академиялық саясатында белгіленген кредиттер саны шеңберінде тиісті академиялық кезең (семестр) үшін ғана білім беру қызметтеріне ақы төлейді.
 6. 2 (Екі) және одан да көп академиялық кезең үшін, сондай-ақ бүкіл оқу мерзімі үшін ақы төлеуге жол берілмейді.
- Осы Қосымшаның 4 және 5-тармақтары сақталмаған жағдайда, Білім алушының бастамасы бойынша да, Университеттің бастамасы бойынша да білім беру қызметтерін өтеулі көрсету шарты бұзылған кезде, оның сабаққа қатысуына қарамастан, Білім алушыға ақшалай қаражат қайтарылмайды. Төлем тәртібі Университеттің Білім беру қызметтеріне ақы төлеу ережелерімен айқындалады.
7. Тиісті білім беру бағдарламасына (мамандығына) құжаттар тапсырған кезде Білім алушы оқуға түсудің тиісті жылына арналған Университет қызметтері құнының тізіліміне сәйкес осы Шартқа қосылу туралы өтініште көрсетілген сомада түсу жарнасын төлеуді жүзеге асырады.
- Бұйрық негізінде Университеттің Білім алушыларының құрамына қабылданған Білім алушыны кейіннен оқудан шығарған кезде, одан кейінгі оқудан шығару негізіне қарамастан, түсу жарнасының сомасы қайтарылуға жатпайды.
- Білім алушы немесе оның Өкілі бұйрық негізінде Білім алушы Университеттің Білім алушыларының құрамына қабылданғанға дейін осы Шартты бұзған кезде, біржолғы жарнаның бір бөлігі Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қайтарылуға жатады.
8. Білім алушы және /немесе оның Өкілі осы Қосымшамен, осы Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қою кезінде Университеттің Білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларымен танысқанын, сондай-ақ танысу туралы олардың жеке қолы талап етілмейтінін растайды.

**Өтеулі білім беру қызметтерін
көрсету шартына № 2-қосымша
(күндізгі оқу нысаны)**

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Білім алушы Университет аумағында болған кезде «M.S. Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti» АҚ Міне-құлық кодексін және сыртқы келбетіне қойылатын талаптарды қоса алғанда, Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алуға міндеттенеді.

2. Университет аумағында және ғимараттарында:

- темекі өнімдерін (электрондық темекі, кальян және т.б. қоса алғанда) шегуге, «насыбайды», алкогольі аз сусындарды қоса алғанда спирттік ішімдіктерді пайдалануға;

- сағызды пайдалануға;

уытты және есірткілік мас болу құралдарын, сондай-ақ олардың прекурсорларын (тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын), сондай-ақ жарылғыш, қатты иісті заттар мен пиротехникалық құралдарды сақтауға, пайдалануға және таратуға;

- құмар ойындарды ойнауға, Университетке мас күйінде, есірткі немесе уытты мас күйінде келуге;

- өзімен бірге жануарларды алып келуге;

- сағат 22:00-ден 07:00-ге дейінгі кезеңде түнгі тыныштық пен ұйқыны бұзуға тыйым салынады.

3. Білім алушы және/немесе оның Өкілі Қосылу туралы өтінішке қол қою кезінде осы Қосымшамен және Кодекспен танысқанын растайды және танысу туралы жеке қол қою талап етілмейді.